

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ

Жүзтаева Б.Н¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстанның қазіргі заман тарихы және дүниетанымдық пәндер
кафедрасы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,

Алматы, Қазақстан

zhuztaeva@mail.ru

Аңдатпа. Ұлы Отан соғысына әйелдердің қатысуы тақырыбы төңірегінде көп ғылыми зерттеулер жүргізілді. Қазір бұрындары бұрмаланып жазылып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелерді қайта қарап, зерделеуден өткізуге мүмкіндік туды. Мақаланың негізгі мақсаты-Ұлы Отан соғысында соғысқан әйгілі әйелдердің тарихын зерттеу, тарихи оқиқықтарды анықтау, олардың Отанның ұлы қорғаушысы ретінде қалыптасуын бағалау, жас ұрпақты тәрбиелеудің үлгісі ретінде жауынгерлердің патриоттық қасиеттерін зерттеу.

Ұлы Отан соғы жылдарындағы әйелдер проблемасы кең және көп қырлы. Сондықтан оны бір мақала төңірегінде толық қарастыру мүмкін емес. Халық жадында соғыс кезіндегі әйел патриот, жауынгер, еңбеккер, солдат анасы образының сақталуы тиіс.

Тірек сөздер: Ұлы Отан соғысы, әйелдердің соғысқа қатысуы, жауынгер әйелдер, жас ұрпақ тәрбиесі.

XX ғасырдағы алапат соғыс - екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бір бөлігі болған Ұлы Отан соғысының Жеңіспен аяқталғанына биыл 75 жыл болды. Әлі күнге дейін Ұлы Отан соғысы туралы зерттеулер жалғасын табуда. Кеңестер елі Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери ұрыстарға әйелдер тікелей қатысқан жалғыз мемлекет болды. Майданда әртүрлі кезеңде 800 мыңнан 1 миллионға шейін әйелдер соғысты, олардың 80 мыңы офицерлер болды. Бұған әсер еткен екі факторды атауға болады.

Алғашқысы, отанына қауіп-қатер төнгенде жаумен күресуге ұмтылған жастардың бұрын соңды болмаған патриотизмі.

Ұлы Отан соғысы басталысымен Кеңестер Одағы халқының басым бөлігінің өз Отанын, жақындары мен туыстарын қорғау үшін фашизмнен күресуге бел байлағанын мұрағат деректері дәлелдейді. Ерлер мен әйелдер ұлтына, жасына қарамастан, партияда бар, жоғына қарамастан, комсомолға мүшелігіне және еместігіне қарамастан еріктілер ретінде Қызыл Армия қатарына қабылдану үшін ұзақ кезектерге тұрды.

Соғыс қарсаңында 1939 жылдың 1-қыркүйегінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында қабылданған жалпыға бірдей әскери міндеткерлік туралы Заңның 13-бабы Қорғаныс Халық Комиссариаты мен Әскери Теңіз Флотына медициналық, ветеринарлық және арнайы техникалық даярлығы бар әйелдерді армия мен флотқа алуға және оларды әскери оқуларға шақыруға құқық берді. Соғыс кезінде аталған дайындығы бар әйелдер армия мен флотта қосымша жұмыстар атқаруға және арнаулы қызметке шақырылуы мүмкін болды [1].

Соғыстың басталғаны жарияланған соң-ақ әйелдер осы бапқа сүйене отырып, партия және комсомол ұйымдарына, әскери комиссариаттарға барып майданға жіберуге сұранды. Соғыстың алғашқы күндерінде соғысып жатқан әскер қатарына алуды өтініш берген еріктілер қатарының 50 пайызы әйелдер болған. Әйелдер сонымен қатар халық жасақтарына да жазылған. Олардың көпшілігі жаудың тез арада талқандалатынына сенімді болып, сондықтан да жауды жоюға қатысуға ұмтылды. Әскери комиссариаттар бұл кезде тұрғындарды мобилизациялау жұмысын жүргізуде инструкция бойынша жасы 18-ге жетпегендерді, әскери іске үйретілмегендерді, сонымен бірге әйелдер мен қыздарды ерекше шешім қабылдағанға дейін алмады.

Кеңес елінде соғысқа әйелдердің қатысуының ерекше болуының себебін екіншіден, майданда қалыптасқан қиын жағдаймен түсіндіруге болады. Соғыстың бастапқы кезінде кеңес әскерлерінің шығыны 1942 жылдың көктемінде соғысушы әскер қатарына және тылдағы құрамаларға әйелдерді жаппай мобилизациялау жүргізуге әкелді. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті қаулысы негізінде 1942 жылы 23-мартта, 13 және 23-апрельде Әуе күштеріне қарсы қорғаныс, байланыс, ішкі қорғаныс, әскери автомобиль жолдары, Әскери теңіз флоты мен Әскери әуе күштері, әскери байланыс бөлімдеріне әйелдерді жаппай мобилизациялау жүрді. Жасы 18-ден төмен емес жастағы қыздар мобилизацияға түсті. Бұл жұмыс БЛКЖО Орталық Комитеті мен жергілікті комсомол ұйымдарының бақылауымен жүргізілді. Бұл жерде есепке алынған нәрсе: білімі бес кластан төмен болмауы, комсомол мүшесі болуы, денсаулығының дұрыс болуы, баласының болмауы ескерілді. Шақырылғандардың нақты саны белгісіз, бірақ тек қана комсомолдың шақыруымен 550 мың әйелдің жауынгер болғаны белгілі. 300 мыңнан астам патриот қыздар Әуе күштеріне қарсы қорғаныс бөлімдеріне шақырылды. Бұл жалпы жауынгерлердің төрттен бірі болды. Қызыл Крест тарапынан мамандық алып әскери медициналық мекемелерде санитарлық қызметке 300 мың медбикелер, 300 мың санитарлар тартылды [2].

1942 жылдың май айында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті 25 мың әйелді Әскери теңіз флотына мобилизациялау туралы қаулы қабылдады. Осы жылдың 3-ноябрінде БЛКЖО Орталық Комитеті әйелдерден әскери атқыштар бригадасына, қосымша полк, және жаяу әскер училищесіне курсқа еріктілерді жасақтады. Олардың саны 10898-ге жетті, 15-декабрьде оқыту басталды. Соғыс жылдарында әйел коммунистер арасынан бес мобилизация жүргізілді.

Әйелдердің бәрі бірдей ұрыс алаңдарына қатысқан жоқ әрине. Көпшілігі шаруашылық, медициналық, штаб т.б. тыл қызметтерінде болды. Соған қарамастан, олардың басым бөлігі тікелей соғыс қимылдарына араласты. Және жауынгер әйелдердің қызметі түрлі спектрді қамтыды: олар барлау-диверсиялық жұмыстарда, партизан отрядтарында, санинструкторлар, байланысшылар, зенитшілер, снайперлер, пулеметшілер, автомобиль мен танк жүргізушілер болды. Әйелдер авиацияда да қызмет етті. Олар ұшқыштар, штурмандар, радист-атқыштар. Авиатор әйелдер ерлердің авиациялық полктері құрамында және сонымен қатар әйелдердің жеке полктерінде соғысты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарулы күштер қатарында алғашқы әйелдердің әскери құрамалары пайда болды. Ерікті әйелдерден үш авиациялық полкі жасақталды: 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы, 125-гвардиялық бомбалаушы, 586- жазалаушы полктер. Жеке әйелдердің жеке атқыштар полкі, Орталық әйелдердің атқыштар мектебі, теңізшілердің жеке әйелдер ротасы. 101 авиацияның алыс қимылдарға арналған полкін Кеңес Одағының Батыры В.С.Гризодубова басқарды. Орталық снайперлер дайындайтын әйелдер мектебі майданға 1061 снайпер мен 407 снайпер ісінің инструкторларын дайындап берді, соғыста 11280 жау солдатты мен офицерлерінің көзін жойды. Всеобуч жастар бөлімдерінде 220 мың снайпер қыздар дайындалды [3]. Ұлы Отан соғысына қатысушы әйелдердің ішінде ең көп бөлігі – медиктер еді. Қызыл армияның қатарындағы дәрігерлердің жалпы санының 41 пайызын, хирургтердің 43 пайызын әйелдер құрады.

Атқыштар ротасының, медсанбат, артиллериялық батареялардың санинструкторлары жаралылардың 72 пайызын, ауру жауынгерлердің 90 пайызын қатарға қосқаны есептелген. Медик әйелдер әскери құрамалардың барлық түрінде қызмет етті. Ерліктері мен қажырлы еңбектері үшін 17 мың әйел Кеңес Одағының батырлары атағына ие болды.

Соғыс жылдарында жауынгер қыздардың ерліктері жоғары мадақтаулармен марапатталды. Кеңес Одағының Батыры атағын 1942 жылы 16-февральда алғаш алған 18 жасар Зоя Космодемьянская болды. Ал жалпы соғыста осы атақ 90 әйелге берілді. Олардың көбіне өлгеннен кейін атақ берілді. КСРО-да Кеңес Одағының Батыры атағы соңғы рет 1990 жылы 5-майда Екатерина Деминаға (Михайлова) берілді. 200 әйел Даңқ орденінің II және III дәрежесімен мадақталды, 4 әйел Даңқ орденінің толық кавалері, 150 мың жауынгер әйелдер кеңес мемлекетінің ордендері мен медальдерімен марапатталған [4].

Жоғарыда келтірілген цифрлар толық және нақты болмаса да, әскери соғыс оқиғаларының фактілері көрсеткендей Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес әйелдері көрсеткендей әйелдердің Отан қорғау үшін қарулы күреске жаппай шығуын тарих білген емес.

Әйелдер сонымен бірге оккупацияланған аудандарда жаумен аяусыз күресті. Соңғы деректер бойынша жау тылында 1 млн партизан болған. Олардың 100 мыңнан астамы - әйелдер деген дерек келтіріледі [5].

Кейінгі кездері күнделікті күйбең тірлікпен өткен соғыс жаңғырығы көмескіленіп, Жеңісті жақындатушылар ерлігі ескерілмей қалуда. Тек ресми әйелдер күнін тойлау мерекелерінде ғана қызығушылық білдіріледі.

Қазіргі кезде әйелдердің Ұлы Отан соғысына қатысуы проблемасын қайта қарауға әрекеттер жасалуда. Кеңес Одағының Батыры атағын алған әйелдерге көбірек мән беріліп, еңбек майданында қызмет еткен тылдағы әйелдер еңбегі ескерусіз қалып келеді. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін! деген ұранмен тылдағы ұжымдар еңбек етті. Соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнын әйелдер мен балалар басты. Олардың ішінде 550 мың үй шаруасындағы әйелдер, жасөспірімдер болған. Соғыс жылдарындағы әйелдердің үлесі тамақ және жеңіл өнеркәсіпте 80-95 пайыз болды. Соғысқа

дейін тек ерлер жасаған кәсіпорындарда 70 пайыз әйелдер жұмыс жасады. Әйелдер игермеген өндіріс орны болған жоқ.

Ұлы Отан соғы жылдарындағы әйелдер проблемасы кең және көп қырлы. Сондықтан оны бір мақала төңірегінде толық қарастыру мүмкін емес. Халық жадында соғыс кезіндегі әйел патриот, жауынгер, еңбеккер, солдат анасы образының сақталуы тиіс деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Закон о всеобщей воинской обязанности. М., 1939. С.13.
- 2 Женщины Великой Отечественной войны. М., 2014
- 3 Петрова Н.К. Советские женщины в годы Великой Отечественной войны // Великая Отечественная – известная и неизвестная: историческая память и современность: материалы междунар. Науч.конф. М.: [ИРИ РАН], 2015.
- 4 Великая Отечественная война. 1941-1945 гг. Энциклопедия. М., 1985. С.530.
- 5 Совет Одағының Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жж. – Алматы: «Қазақстан», 1972. – 692 б.

REFERENCES

- 1 Zakon o vseobshchey voinskoy obyazannosti (Law of military obligation of whole humanity)- М., 1939. - p.13.
- 2 Zhenshchiny Velikoy Otechestvennoy voiny (Womans of Great Patriotic War)- М., 2014.
- 3 Petrova N.K. Sovetskiye zhenshchiny v gody Velikoy Otechestvennoy voyny. Velikaya Otechestvennaya (Soviet womans in the years of Great Patriotic War. Great Patriotic). – izvestnaya i neizvestnaya: istoricheskaya pamyat' i sovremennost': mater.mezhdunar. nauch.konf. - М.: [IRI RAN], 2015.
- 4 Velikaya Otechestvennaya voyna. 1941-1945 gg. (Great Patriotic War in 1941-1945 yy). / Entsiklopediya. - М., 2015. -p.530.
- 5 Sovet Odagynyn Uly Otan sogysy 1941-1945 zhzh. (Great Patriotic War of Soviet Union in 1941-1945 yy). – Almaty: Kazakstan, 2019.– 692 p.

УЧАСТИЕ ЖЕНЩИН В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ

Жузтаева Б.Н.¹

¹кандидат исторических наук, доцент

Кафедра Современной истории Казахстана

и мировоззренческих дисциплин КазУМОиМЯ имени Абылай хана,

Алматы, Казахстан

zhuztaeva@mail.ru

Аннотация. На тему участия женщин в Великой Отечественной войне проведено много исследований. Теперь есть возможность пересмотреть и изучить вопросы, которые ранее искажались и правда не раскрывалась. Основная цель статьи - изучить историю известных женщин, сражавшихся в Великой Отечественной войне, выявить исторические пробелы, оценить их становление как великих защитников Отечества, изучить патриотические качества воинов как пример воспитания молодого поколения.

Проблема женщин в годы Великой Отечественной войны широка и многогранна. Поэтому охватить все в одной статье невозможно. Образ женщины-патриота, воительницы, работницы, матери солдата в годы войны необходимо сохранить в памяти народа.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, участие женщин в войне, женщины-воины, воспитание подрастающего поколения.

PARTICIPATION OF WOMEN IN THE GREAT WORLD WAR

Zhuztayeva B.N.¹

¹Associate Professor of the Department Modern history
of Republic of Kazakhstan and worldview disciplines
Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages,
Almaty, Kazakhstan
zhuztaeva@mail.ru

Abstract. A lot of research has been conducted on the topic of women's participation in the Great Patriotic War. Now it is possible to reconsider and study the issues that were previously distorted and not revealed. The main purpose of the article is to study the history of famous women who fought in the Great Patriotic War, to identify historical gaps, to assess their formation as great defenders of the Fatherland, to study the patriotic qualities of soldiers as an example of educating the younger generation.

The problem of women during the Great Patriotic War is wide and multifaceted. Therefore, it is impossible to cover it in one article. The image of a woman patriot, warrior, worker, mother of a soldier during the war must be preserved in the memory of the people.

Keywords: World War II, women's participation in the war, women warriors, education of the younger generation.

Статья поступило 19.09.2020